





Карл

Линней

Linneé.



A painting of a forest path with a wooden bridge and a person in the distance. The scene is set in a lush forest with tall trees and a path leading to a wooden bridge. A person is visible on the bridge in the distance. The overall atmosphere is serene and natural.

Карл Линней 1707 ж. 23 мамырда
(Rashult, Stenbrohult parish (now within Almhult Municipality)
Sweden) **дүниеге келген, ал 1778 ж. 10**
қаңтарында (Hammarby (estate), Danmark parish
(outside Uppsala), Sweden) **дүние салған. Туған**
жері "Расхулт", ол Уппсала, Лунд
университетінде оқыған. Зерттеу
салалары: Ботаника, биология және
зоология болған.



**Расхулттағы
туған жері.**

Тірі табиғатты жүйелеуде аса зор еңбек сіңірген швед ғалымы Карл Линней (1707-1778) болды. Ол түрдің табиғи жан-жақтылығын және ақиқат барлығын айта келіп, түр-құрылысы жағынан ұқсас, көбеюі кезінде өздеріне ұқсас ұрпақ беретін көптеген туыстас ағзалар жиынтығы деді. Линней түрді латын тілінде қос атпен атауды (биноминальдық номенклатура) тәжірибе енгізіп, оны жүйелеуге негіз етіп пайдаланды. Жақын түрлер туысқа, туыстар отрядқа, отрядтар класқа біріктірілді. Линней барлық өсімдіктерді түліндегі аталықтары мен аналығының саны, пішіні, көлемі және құрылысына қарай 24 класқа, ал жануарларды тыныс алу және қанайналым мүшелерінің құрылысына қарай 6 класқа топтастырды. Жануарлар кластарына: сүтқоректілер, құстар, сұмпайылар, балықтар, бунақденелілер және құрттарды жатқызды.



Университеттегі
студент

Карл Лескеряйнен



Линнейдің
үйлену
портреті.



Уппсаладағы Линней үйі.



Уппсаладағы Линней бағы.

Ең соңғы құрттар класына Линней қарапайымдарды, тікентерілілерді, тіпті дөңгелекауыздыларды да енгізді. Линнейдің құрастырған жүйесі жасанды деп аталады, өйткені бұл жүйе түрлер арасындағы туыстықты емес, ұқсастықты ғана көрсететін жүйе болды. Линней табиғат туралы метафизикалық, көзқараста бола отырып (түр өзгермейді деп есептегенімен) адамның жануарлар дүниесіндегі орнын дәл тауып, оны адам тәрізді маймылдармен қатар бір отрядқа орналастырылды. Тірі табиғатты жүйелеуде жіберген бірқатар кемшіліктеріне қарамастан Линней еңбектері орасан зор бағаланады. Ол өзіне дейінгі ғалымдардың барлығынан да өзгеше, жануарлармен өсімдіктердің ерекше жүйесін ұсынып, түрлердің шығу тегін анықтауға, жүйелеудің одан әрі дұрыс дамуына жол ашты. Түрлерді қосарынан латынша атауды енгізді; 8000-ға жуық өсімдіктер мен 4500-ге жуық жануарларды сипаттап, 1000-ға жуық биологиялық терминдер ұсынды. Өмірінің соңғы кезінде Линней түрлердің тұрақты еместігін мойындады. 1749 жылы Ж.Бюффон «Табиғи тарих» атты көп томдық еңбегінде «бейорганикалық заттардан тірі ағзалар (алдымен өсімдіктер, одан кейін жануарлар мен адам) пайда болды дей отырып, түрдің өзгергіштігі жайлы ілімді қолдады. Органикалық дүниенің эволюциясы жөніндегі дұрыс ой-пікірлер Д. Дудроның, Ч.Дарвиннің атасы Эразм Дарвиннің, И.Канттың еңбектерінде де жазылған».



**НАЗАР ҚОЙЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**